

ПЕДИАТРИЯ БОЙЫНША №2 ИНТЕРНАТУРА ЖӘНЕ РЕЗИДЕНТУРА КАФЕДРАСЫ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ СИМУЛЯЦИЯНЫҢ СЦЕНАРИЙІ ҚБ 2014

2013 – 2014 оқу жылындағы интерндердің қорытынды бақылауына арналған  
медициналық симуляцияның сценарийі

**Клиникалық жағдай:** «Нәрестелередегі гемолитикалық ауруының диагностикасы және жүргізу тактикасы»

**Оқиға:**

Сіз – кезекші неонатолог. Тері түсі сарғыш нәресте туылды.

- Науқастың шағымдары мен анамнезін жинаңыз
- Лабораторлы-инструменталдық зерттеу нәтижелерін талдаңыз
- Диагноз қойыңыз
- Науқасты емдеу тактикасын анықтаңыз

**Соңғы нәтиже (outcomes):**

- Анасын сұрау және науқасты физикалды зерттеу
- Дертке клиникалық диагноз қою жолын білу
- Дерттің ажырату диагнозын білу
- Ақпарат бере алатын диганосткалық әдістер мен зертханалық тексерулерінің мәліметтерін талдай білу
- Нірестенің гемолитикалық ауруын емдеу
- Бала анасымен тіл табыса білу және анасындағы үрей сезімін тарқата білу

«Нәрестелередегі гемолитикалық ауруының диагностикасы және жүргізу тактикасы»  
тақырыбы бойынша клиникалық жағдайды  
бағалау парағы (check-list)

№	Бағалау қадамдардың критерийлері	Баллмен бағалау		
		Выполнил правильно	Выполнил с замечаниями	Не выполнил
1	Анамнез жинау. Барлық сұрақтар қойылды ма?	2,0	1,0	0
2	Физикалды зерттеу: тексеріп–қарау, пальпация, перкуссия	2,0	1,0	0
3	Жорамал диагноз қою (негзгі диагнозды ккрсетті, дерттің ауырлағын анықтады).	2,0	1,0	0
4	Тексеру жоспарын негзідеу (барлық қажетті тексеру әдістерін көрсетті)	2,0	1,0	0
5	Жалпы қан сынағы мен қанның б/х сынағын талдады (алынған мәліметтер бойынша анасына ақпарат берді)	2,0	1,0	0
6	Фототерапия көрсеткіштерін анықтау	2,0	1,0	0
7	Қанды алмастыра құю операциясының көрсеткіштерін анықтау	2,0	1,0	0
8	Билирубиннің сағаттық өсуін аңқытау	2,0	1,0	0

ПЕДИАТРИЯ БОЙЫНША №2 ИНТЕРНАТУРА ЖӘНЕ РЕЗИДЕНТУРА КАФЕДРАСЫ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ СИМУЛЯЦИЯНЫҢ СЦЕНАРИЙІ ҚБ 2014

9	Қорытынды диганозды негіздеу	2,0	1,0	0
10	Қанды алмастыра құю операциясын жүргізу үшін қанды таңдаудың ережеселері мен көлемін анықтау	1,0	0,5	0
11	Бала анасымен тіл табыса білу және анасындағы үрей сезімін тарқата білу	1,0	0,5	0
	Барлық баллдар саны			

Максимальді балл - 20

**Стандартталған актерге (пациентке) арналған мәтін сценарийі және оның ойнау рөлінің суреттемесі**

Пациент: ұл бала анасымен

Жасы: жаңа туылған нәресте.

Тері түсі сарғыш нәресте туылды.

Сұрақтың мәні	Актерге қойлатын сұрақтар	Актердің жауабы (анасының)
Анамнезді толықтыру	Бұған дейінгі балаларының жіне оялдасының қан тобы мен резусын білесіз бе?	Иә, бірінші баламның қан тобы бірінші, резусі теріс, екіншісінің қан тобы екінші, резусі оң, күйеуімнің қан тобы бірінші, резусі оң.
	Екінші рет босанғанда антирезусты гаммаглобулин салынды ма?	Білмеймін
	Жүктілік кезінде қарсыденелер өсімі анықталды ма?	Білмеймін.
	Акушер-гинеколог балаңызда гемолитикалық ауру даму қаруіпі барын ескертті ме ?	Иә

**Анамнезі:** Нәресте 3 жүктіліктен, 3 туыт. Мерзімінде дүниеге келген. Жүктілік кезінде анемия болған, 28-30 аптасында жүктіліктің үзілу қауіпі болған. Резус факторға қарсы дене өсімі 1: 20 – 28 аптада, ал 33 аптада – 1:100. Босану асқынусыз өткен. Баланың салмағы 3000 гр., бойы 53 см.

**Объективті:** Баланың айқайы қатты, ауырсынған. Бас пішіні дұрыс, үлкен еңбегі кернелмеген, беті симметриялы. Шартсыз туа біткен рефлекстері жылдам өшеді. Соруы жақсы. Тері түсі сарғыш, таза, құрғақ. Тынысы тындағанда екі өкпенің барлық бөліктерінде жақсы естіледі, сырылдар жоқ. Жүрек үндері ырғақты, керенделген. Іші жұмсақ, бауыры қабырға доғасынан 1,5 см төмен, көк бауыры ұлғаймаған.

ПЕДИАТРИЯ БОЙЫНША №2 ИНТЕРНАТУРА ЖӘНЕ РЕЗИДЕНТУРА КАФЕДРАСЫ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ СИМУЛЯЦИЯНЫҢ СЦЕНАРИЙІ ҚБ 2014

**Жалпы қан сынағының нәтижесі:** кіндік қанында: Нв – 150 г/л, эритроциттер 4,0 млн, тромбоциттер 180 мың, лейкоциттер 13 мыңс (с/я – 65%, лимфоциттер – 27%, моноциттер – 13%); 6 сағаттан соң Нв – 135 г/л.

**Қанның биохимиялық сынағы:**

- кіндік қанында: жалпы билирубин 75 мкмоль/л тікелей емес түрінің есебінен, глюкоза – 2,7 ммоль/л.

- **6 сағаттан соң:** жалпы билирубин 87 мкмоль/л тікелей емес түрінің есебінен.

Баланың қан тобы А (II) и қанының резус факторы - Rh (+); анасының қан тобы В (III), Rh (-).

**«Нәрестелердегі гемолитикалық ауруының диагностикасы және ем тактикасы»  
тақырыбы бойынша клиникалық жағдай жауабының эталоны**

№	Критерии оценки шагов	Эталон ответа
1	Анамнез жинау. Барлық сұрақтар қойылды ма?	Толықтығы, дәлдігі
2	Физикалды зерттеу: тексеріп–қарау, пальпация, перкуссия	Қарау, пальпация, перкуссия, перкуторлы және аускультативті мәліметтерді талдау
3	Жорамал диагноз қою (негзгі диагнозды ккрсетті, дерттің ауырлағын анықтады).	Резус фактор бойынша нәрестенің гемолитикалық ауруы, сарғаю- анемиялық түрі.
4	Тексеру жоспарын негзідеу (барлық қажетті тексеру әдістерін көрсетті)	Зерттеу әдістерін көрсетті (ЖҚС, қанның б\х сынағы, анасы мен баласының қан тобы мен резус факторын анықтау, билирубиннің сағаттық өсуін есептеу)
5	Жалпы қан сынағы мен қанның б/х сынағын талдады (алынған мәліметтер бойынша анасына ақпарат берді)	Гемолиз салдарынан Нв деңгейінің төмендеген, билирубин деңгейі жоғары.
6	Фототерапия көрсеткіштерін анықтау	Фототерапияны жүргізу көрсеткіштері нәресте өмірінің <b>24–168 аралығында баланың туылғандағы салмағынан тәуелді</b> Бала салмағы (грамм): < 1500 гр - 85–140 мкмоль/л 1500–1999 гр -140–200 мкмоль/л 2000–2500 гр -190–240 мкмоль/л > 2500 гр -255–295 мкмоль/л
7	Қанды алмастыра құю операциясының көрсеткіштерін анықтау	1. Билирубиннің тікелей емес деңгейі 342 мкмоль/л консервативтік емнен төмен түспесе 6 сағ ішінде төмендемеген жағдайда 2. 4 сағ билирубиннің сағаттық өсуі 6,0-9,0 мкмоль/л/час болғанда 3. Кіндік баудан алған қандағы тікелей емес

ПЕДИАТРИЯ БОЙЫНША №2 ИНТЕРНАТУРА ЖӘНЕ РЕЗИДЕНТУРА КАФЕДРАСЫ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ СИМУЛЯЦИЯНЫҢ СЦЕНАРИЙІ ҚБ 2014

		билирубиннің деңгейі 60 мкмоль/л жоғары болса, гемолиз артса 4. Нв 100 г/л төмендесе 5. НГА ісіну түрінде 6. Билирубиндік энцефалопатия белгілері болса
8	Билирубиннің сағаттық өсуін анықтау	<b>Билирубиннің сағаттық өсуі</b> – $B_r = B_2 - B_1 / n_2 - n_1$ , $B_1$ - билирубиннің алғашқы деңгейі, $B_2$ – билирубиннің келесі анықтағандағы деңгейі; $n_1$ – билирубинді бірінші анықтағандағы баланың сағатқа шаққандағы жасы, $n_2$ - билирубинді екінші анықтағандағы баланың сағатқа шаққандағы жасы
9	Қорытынды диганозды негіздеу	Нәрестенің гемолитикалық ауруы, сарғаю- анемиялық түрі, орта ауыр дәрежесі.
10	Қанды алмастыра құю операциясын жүргізу үшін қанды таңдаудың ережелері мен көлемін анықтау	<b>Қанды алмастыра құю операциясын жүргізгенде құятын қанды таңдау</b> - <u>резус-сәйкессіздікте</u> – резус-теріс эритроцитарлық масса, бала қанының тобына сай немесе 0(I) группы + бала қанының тобына сай немесе АВ (IV) топтағы плазма; - <u>АВО- сәйкессіздікте</u> – эритроцитарлық масса 0(I) + плазма АВ (IV);  <b>Алмастыру көлемін емесптеу</b> - Қан айналым көлемінің екі есесі, мұнда қан айналым көлемі = 80-100 мл/кг мерзімде туылғандарда, ал шала туылғандарда 100-110 мл/кг, яғни = бала салмағы (кг) x қан айналымдағы қанның көлемі x 2
11	Бала анасымен тіл табыса білу және анасындағы үрей сезімін тарқата білу	Бала анасымен тіл табыса білу және анасындағы үрей сезімін тарқата білу
	Барлығы	

**Симуляция жабдықтары:**

1. Тапсырма қағаз, еріктіге арналған сценарий, өадамдарды бағалау көрсеткіштері
2. ЖҚА, б/х сынағының б/х сынағының, юала мен анна өан тобы мен резус факторын анықтау нәтижелерінің сипаттамалары.
3. Фонендоскоп.

**Жасалынған жағдай:** оқу бөлмесі – нәресте бөлімшесі.

1. Дәрігер мен паиентке отыратын орындық – 2
2. Дәрігерге үстел – 1
3. Жөргек үстел – 1
4. Нәресте қуыршақ

**Құрастырушының аты-жөні** – Качурина Д.Р.

**Рецензенттер аты-жөні:** м.ғ.д. Қатарбаев А.Қ., м.ғ.д. Омарова К.О.



ПЕДИАТРИЯ БОЙЫНША №2 ИНТЕРНАТУРА ЖӘНЕ РЕЗИДЕНТУРА КАФЕДРАСЫ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ СИМУЛЯЦИЯНЫҢ СЦЕНАРИЙІ ҚБ 2014

---

ББК жиылысының № 6 хаттамасы 25.02.14